

Қазақстан Республикасының
Президенті
ЖАРЛЫҚ



Президент
Республики Казахстан
У К А З

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі
актілерінің жинағында және республикалық
баспасөзде жариялануға тиіс

**Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның
стратегиялық зерттеулер институтын Астана қаласына көшіру туралы**

Мемлекет дамуының стратегиялық аспектілерін болжамдық-
талдамалық қамтамасыз етуді одан әрі жетілдіру мақсатында
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасының
Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты»
мемлекеттік мекемесін (бұдан әрі – ҚСЗИ) Алматы қаласынан Астана
қаласына көшіруді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын
өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Қазақстан
Республикасы Қаржы министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының
заңнамасында белгіленген тәртіппен Астана қаласында ҚСЗИ-ды
орналастыру үшін үй-жай бөлуді қамтамасыз етсін.

4. «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның
стратегиялық зерттеулер институты туралы ережені бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 тамыздағы
№ 3614 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., № 36,
337-құжат; 2008 ж., № 20, 182-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру
енгізілсін:

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президенті
жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты
туралы ережеде:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Институттың орналасқан жері – Қазақстан Республикасы, Астана
қаласы»;

5-тармақтың он бірінші абзацындағы «жүзеге асыруға құқығы бар.» деген сөздер «жүзеге асыруға;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«- Қазақстан Республикасының аумағында өзінің өкілдіктерін ашуға құқығы бар.».

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті



Н.Назарбаев

Астана, Ақорда, 2014 жылғы 11 сәуір

№ 793

Қазақстан Республикасының
Президенті
ЖАРЛЫҚ



Президент
Республики Казахстан
УКАЗ

Подлежит опубликованию в Собрании актов
Президента и Правительства Республики
Казахстан и республиканской печати

О передислокации Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан в г. Астану

В целях дальнейшего совершенствования прогнозно-аналитического обеспечения стратегических аспектов развития государства
ПОСТАНОВЛЯЮ:

1. Правительству Республики Казахстан обеспечить передислокацию государственного учреждения «Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан» (далее - КИСИ) из города Алматы в город Астану.

2. Правительству Республики Казахстан принять иные меры, вытекающие из настоящего Указа.

3. Управлению Делами Президента Республики Казахстан совместно с Министерством финансов Республики Казахстан в установленном законодательством Республики Казахстан порядке обеспечить выделение помещения для размещения КИСИ в городе Астане.

4. Внести в Указ Президента Республики Казахстан от 13 августа 1997 года № 3614 «Об утверждении Положения о Казахстанском институте стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан» (САПР Республики Казахстан, 1997 г., № 36, ст. 337; 2008 г., № 20, ст.182) следующие изменение и дополнение:

в Положении о Казахстанском институте стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, утвержденном названным Указом:

часть вторую пункта 3 изложить в следующей редакции:

«Местонахождение Института - Республика Казахстан, г. Астана.»;

пункт 5 дополнить абзацем следующего содержания:

«- открывать свои представительства на территории Республики Казахстан.».

5. Контроль за исполнением настоящего Указа возложить на Администрацию Президента Республики Казахстан.

6. Настоящий Указ вводится в действие со дня подписания.

**Президент
Республики Казахстан**



Н.Назарбаев

Астана, Акорда, 11 апреля 2014 года

№ 793